

ӘОЖ 338.48(574)

Р.Т. Дуламбаева*, Д.А. Абишов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: dulambaeva68@mail.ru

Қазақстан Республикасында туристік кластерді қалыптастырудың маңыздылығы

Туризм қазіргі таңда Қазақстандағы индустриалды-инновациялық Даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Еліміздің орналасу ерекшелігі, климаттық белдеулердің барлық түрлерінің таралуы, ежелден қалыптасқан тарихи сәулет өнерінің ескерткіштері, табиғи-рекреациялық аудандар туризмнің көптеген түрлерін дамытуға мүмкіншілік туғызады. Туристік ортада қызмет етуде тиімді жүйені құру оң әлеуметтік-экономикалық әсерге әкеледі. Бұл мақалада елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту, заманауи инфрақұрылым қалыптастыру, жасыл экономиканы дамыту және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған. Қазақстанда туризмді дамытудың бір бағыты – кластер құру. Кластер – заманауи шаруашылық жағдайында бәсекелік артықшылығына жетуге бағытталған мүдделі тараптарды нығайтудың ұйымдастыру нысаны. Мақала еліміздің аумақтарында туристік кластерлерді құрудың өзектілігін айқындауға, оның даму ерекшеліктері мен негізгі мәселелерін зерттеуге арналған. Сонымен қатар туристік ортаны кластеризациялау үрдісінде мемлекеттік реттеудің орнымен туристік кластерді құрудың негізгі бағыттары анықталған.

Түйін сөздер: туристік кластер, аймақтық туризм, туристік инфрақұрылым, нормативті-құқықтық акті, бәсекеге қабілеттілік.

R.T. Dulambaeva, D.A. Abishov

The importance of formation of the tourism cluster in the Republic of Kazakhstan

Tourism is by far the actual direction in strategy of innovation and industrial development of Kazakhstan. Features of the location of our country, historically occurred architectural monuments of art, natural recreational areas open up great opportunities for the development of different types of tourism. Establishing an effective system of tourism-sector will give positive socio-economic effects. It impacts on improving the socio-economic situation of the country, developing infrastructure, the development of a green economy, increase the competitiveness of the national economy. One of the directions of development of tourism in Kazakhstan is to create clusters. Cluster – the organizational form of the consolidation efforts of stakeholders to achieve a competitive advantage in the current economic conditions. The article explains the relevance of the formation of clusters in the tourist regions of our country and investigates the peculiarities and problems of development. Questions like state regulation of clustering tourism sector, the main directions of travel on the formation of clusters are also actualized.

Keywords: tourist cluster, regional tourism, tourist infrastructure, normative legislative acts, competitiveness.

Р.Т. Дуламбаева, Д.А. Абишов

Важность формирования туристического кластера в Республике Казахстан

Туризм на сегодняшний день является актуальным направлением в стратегии инновационно-индустриального развития Казахстана. Особенности расположения нашей страны, исторически существующие архитектурные памятники искусства, природно-рекреационные районы открывают большие возможности для развития различных видов туризма. Создание эффективной системы функционирования туристической сферы приведет к положительным социально-экономическим эффектам. Речь идет об улучшении социально-экономического положения страны, формировании развитой инфраструктуры,

развития зеленой экономики, повышении конкурентоспособности национальной экономики. Одним из направлений развития туризма в Казахстане является создание кластеров. Кластер- организационная форма консолидации усилий заинтересованных сторон, направленных на достижение конкурентных преимуществ в современных условиях хозяйствования. В статье обосновывается актуальность формирования туристических кластеров в регионах нашей страны, исследуются особенности и проблемы их развития. Так же актуализированы вопросы государственного регулирования процессов кластеризации туристической сферы, определены основные направления по формированию туристических кластеров.

Ключевые слова: туристический кластер, региональный туризм, туристическая инфраструктура, нормативно-правовые акты, конкурентоспособность.

Туристік кластер – бұл туристік өнімді жауап, өндіру, ілгерілету және сағумен, сондай-ақ туризм индустриясымен және рекреациялық қызметтермен сабақтас қызметпен айналысатын өзара байланысқан кәсіпорындар мен ұйымдардың бір шектелген аумақ аясында шоғырлануы [1].

Туристік кластерді құрудың мақсаты – синергетикалық әсер есебінен туристік нарықта аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде:

- кластерге кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыру;

- инновацияларды ынталандыру және жаңа туристік бағыттарды дамыту.

Туристік кластерді құру іс жүзінде аумақтың тұрпатын айқындайды және өңірдің оң имиджін қалыптастыруға әсерін тигізеді. Бұл жалпы алғанда жоғары ықпалдастырылған туристік ұсыныстар мен бәсекеге қабілетті туристік өнімдерді құрады. Қазақстанда бес туристік кластерін құру мүмкіндігі бар: Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан.

Туристік кластердің құрылуы мен дамуының негізгі мәселелері ретінде қазіргі таңда келесілерді көрсетуге болады:

Туристік кластердің құрылуы мен дамуының негізгі мәселелері	Туризм саласында кооперация формасының барлық пайдасы мен артықшылығын түсінуге қабілеті бар мамандандырылған туристік кадрлардың жетіспеушілігі
	Туризм саласында басқарушы қызметкерлердің инновацияны қабылдау төмендігі
	Мемлекеттік, жеке серіктестік ретінде туристік қызметті стратегиялық жоспарлаудың тәжірибесінің болмауы
	ҚР-сының аймақтарының транспорттық қолжетімділігі мен аймақтық инфрақұрылымының мәселелері
	Туристік кластердің жеткілікті ұзақ шығу кезеңі
	Заң жүзіндегі құқықтық-нормативтік актілердің тиімсіздігі


1-сурет – Туристік кластердің құрылуы мен дамуының негізгі мәселелері

Ескерту: [2] әдебиет негізінде автор құрастырған.

Қазақстандағы туризмнің дамуының негізгі мақсаты заманауи бәсекеге қабілетті туризм саласында туристік кешен қалыптастыру. Сондықтан, кластердің құрылуының нормативті заңдық базасының болуы, жергілікті, аймақтық, сондай-ақ бастапқы деңгейде ұйымның құрылу ережесін жеңілдетеді. Кластердің сәтті дамуы аймақтағы экономикалық жағдайды дамытады

және тұрақтандырады, аймақтың экономикалық өсуін қамтамасыз етеді, сол себепті кластерлер билік органдары үшін саяси мәнге ие, алдыңғы кезекте тұрғындар алдында әлеуметтік міндеттерді құру болып табылады.

Туризм саласында туристік кластердің сапалы қызмет атқаруын жақсарту үшін келесі шаралар қажет:



2-сурет – Туризм саласында туристік кластердің сапалы қызмет атқаруын жақсарту шаралары

Ескерту: [2] әдебиет негізінде автор құрастырған.

Қазақстан бай туристік-рекреациялық мүмкіндіктерге игере бола отырып, туризм жеткілікті деңгейде дамымауымен сипатталып отыр. Туризм саласының үлесі жалпы ішкі өнімде шамамен 0,3 %-ды құрайды. 2011 жылы туристік қызметтен кіріс көлемі 145,3 млрд. тг-ні құрады, бұл 2008 жылға қарағанда 2 есе артық яғни (77,6 млрд. теңге). Республика бюджетіне төленген салық 20,6 млрд. теңгені құрады, саладағы туристік қызметпен шұғылданатындардың саны 158700 адамды құрады.

2012 жылғы үш тоқсандығында туристік қызметтен түскен кірістер көлемі 91,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы үш тоқсандығына қарағанда 11,5 % (82,3 млрд. теңге) көп болып отыр. Туристік ұйымдар мен орналастыру орындарында жұмыс істейтіндер саны 26 940 адамды құрады.

Туристік қызметтің құрылымында ішкі туризм 32,2 %, кіру туризмі – 5,7 %, сыртқа шығушылар туризмі – 62,1 % құраған. Егер осы көрсеткіштерді 2010 жылғы деректермен салыстыратын болсақ, онда сыртқа шығушылар туризмінің 56,4 %-дан 62,1 %-ға дейін ұлғаюы, ішкі туризмнің туристерге қызмет көрсетудің жалпы құрылымында 35,4 %-дан 32,2 %-ға азайғаны байқалады.

Қазақстандық туристердің сыртқа шығушылар туризміне сұранысы Қазақстандағы туристік дестинациялар мен орналастыру объектілерінің бизнес үлесін жоғалтуды білдіреді. Сондықтан, республикада туризмнің


сапалы дамуы арқылы қазір шетелде демалып жатқан жергілікті туристердің белгілі бір саны туризмге жұмсалатын шығындарды ел шегінде қалдыра отырып, қазақстандық туристік дестинацияларды таңдайды деп болжауға болады [3].

Туризм дамуының негізгі экономикалық көрсеткіштерінің өзгерісін талдай келе, Қазақстандық туризмнің әлеуеті толық іске асырылмай отыр деген қорытындыға келуге болады, өйткені туристік саланың дамуы туристік қызметтегі қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көліктік-логистикалық жүйенің қажетті инфрақұрылымын, оның ішінде, мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерін (автомобильдік, авиациялық, теміржол) қайта жөндеуден өткізуді ескере отырып, кең мүмкіндікті қамтамасыз ете алатын қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті туристік кешенді құруға тікелей байланысты [4]. Туристік кешенді құру еліміздің экономикасының дамуына – бюджетке салықтық түсім есебінен едәуір үлес қосады, шетелдік валютаның құйылуы, жұмыс орындары санының артуы есебінен, сондай-ақ мәдени және табиғи мұраның сақталуын және оны тиімді пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етеді.

Халықаралық Туризм Ұйымының (ХТҰ) бас хатшысы Талей Ритай 2012 жыл туризм үшін ең қарқынды дамыған, оның ішінде, бір жыл ішінде әлем бойынша саяхат жасаған туристердің саны 1 млрд.-тан асқандығын, ал мемлекеттер ішінде 5-тен 6 млрд.-қа дейін адамдардың

саяхаттағандығын айтады. Бұл көрсеткіштер туризм саласында бұрын соңды болмаған жағдай. Мысал келтіретін болсақ, осыдан 60 жыл бұрын

саяхаттағандардың саны 25 миллион адам ғана болған. Бұл жетістіктің аумақтар бойынша таралуы келесідей:




3-сурет – Халықаралық туризм бойынша келушілер саны, миллион адам

Ескерту: [4, 76] әдебиет негізінде автор құрастырған.

2012 жылы халықаралық туризмнен түскен кірістер 4%-ға өскен, ол 1,075 млрд АҚШ дол-

ларын құрады. Кірістердің аумақтар бойынша таралуы да келушілер санына байланысты.



4-сурет – Халықаралық туризм бойынша кірістер, млрд АҚШ доллары

Ескерту: [4, 76] әдебиет негізінде автор құрастырған.

Жоғарыдағы 3, 4-суреттерден көріп отырғанымыздай бір жылдағы келушілер саны мен түскен кірістер жөнінен Еуропа аймағы алда тұр, одан кейін келетін Азия және Тынық мұхиты аймағы. Біздің мемлекетіміз үшін де осы Азия аймағындағы өзіміздің орнымызды нығайтып, туризм саласындағы алдыңғы қатарлы елдердің қатарына кіретін күн жетті. Ол үшін мемлекет тарапынан тікелей басшылыққа алынып, туристік кластер құруды алдағы бастапқы приоритетті бағыттар қатарына қосу қажет.

Туризмді дамыту әрбір елге өз артықшылықтары мен кемшіліктеріне сай болады, яғни ақша ағымы көбейеді, ЖҰӨ өседі, жаңа жұмыс

орындары пайда бола бастайды, шетелдік капитал тартылып, туризмнің даму деңгейі өседі. Ал, кемшіліктері негізінен әлеуметтік-экологиялық мәселелер мен туристік импорт кезінде көп қаражаттың сыртқа шығарылуы [6]. Яғни, сол негіздетуризмді дамыту жүйесінде экономиканың басым бағыты ретінде қарастыратын елдердің халықаралық тәжірибесін талдау туристік қызметті мемлекеттік қолдаудың бірқатар басым шараларын айқындап берді.

Қазіргі уақытта отандық туризм үшін тиісті әкімшілік-аумақтық құрылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кластерлерді қалыптастыру міндеті неғұрлым өзекті болып отыр.



5-сурет – Туризм саласын мемлекеттік қолдау шаралары


Ескерту: [5] әдебиет негізінде автор құрастырған.

Қорытындылай келгенде Қазақстандағы туризмді дамытуда мына шарттарды негізге алу керек, Еліміздің туризм инфрақұрылымын шетел инвесторларына жасату керек. Шетелдің Қазақстандағы мұнайды игеріп жатқан компанияларын жолдарды, сапалы қонақ үйлерді салуға, инфрақұрылымды дамытуға ат салысу деңгейіне әкелу керек. Отандық туристік объектілерді маркетинг саласында жандандыру қажет, яғни жарнамалау жағын да басты назарда ұстаған дұрыс.

Еліміздің келу және ішкі туризміне жұмыс

істейтін турфирмаларды мемлекет тарапынан салықтан босату керек. Бұл отандық туризм саласындағы кәсіпкерлерге үлкен көмегін тигізері анық. Және де салықтан босату арқылы біз отандық туристік өнімдердің бағасын айтарлықтай арзандату жолымен сәйкесінше ішкі туризмнің дамуы қарқын алатыны айқын.

Халықаралық Туризм Ұйымы 2011 жылы туристік саланың 2030 жылға дейінгі даму жоспарын құрды. Бұл бағдарламада туризмнің 2030 жылы келесідей түрде дамитынын көрсетеді:



6-сурет – Халықаралық туризмнің 2030 жылға дейінгі дамуы

Ескерту: [6, 96.] әдебиет негізінде автор құрастырған.

Біздің мемлекетте осы болжамдарды ескере отырып, алдағы мақсаттарды айқындау керек. Әр даму жолынан өзімізге қатысты, өмізге пайдалы болжамды көруге болады. Бұл сала мемлекеттік деңгейде ұзақ мерзімді даму жоспарын құруды талап етеді. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетуде шетелдің көптеген озық тәжірибесін пайдаланған дұрыс. Мысалға Францияның тәжірибесін алар болсақ, онда басқа да Батыс Еуропа елдеріндегі секілді туризм жеке министрлік және де Францияда туризм министрлігінен басқа он министрлік жыл сайын қосымша өз бюджеттерінен туризм

саласының дамуына, туризм индустриясына қаржы бөліп отырады екен.

Туризм саласын ақпараттық қамтамасыз ету қажет, яғни халықты еліміздегі туристік орындар туралы ақпаратпен толық қамту және қызығушылықтарын арттыру арқылы отандық туризмнің дамуына жағдай жасау. Сол арқылы туризм сферасындағы бәсекелестік те артып, сапалық және тиімділік көрсеткіштерінің артуына жағдай туады. Осының нәтижесінде отандық туризм саласы шетелдік туристерді тарта аларлықтай қабілетке ие болады.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 192 қаулысы. Электрондық ресурс. [Режим доступа]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192>
- 2 Сугурова Г.К. К вопросу о значимости развития регионального туризма в современном Казахстане, Кызылординский государственный университет имени КorkытАта. Электронный ресурс. [режим доступа]: http://www.rusnauka.com/12_KPSN_2012/Economics/13_109137.doc.htm
- 3 Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1048 Қаулысы
- 4 World Tourism Organization (2013), UNWTO Annual Report 2012, UNWTO, Madrid.
- 5 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары/ Алматы/ 15.11.12/ Электрондық ресурс. [Режим доступа]: <http://www.kit.gov.kz/index.php/kz/aza-standa-y-turizm>
- 6 Койшина Г.К. Экономическая эффективность от туристской деятельности, ВКГУ им. С.Аманжолова, Саясат №2, 2010, Усть-Каменогорск.

References

- 1 «Kazakhstan Respublikasynyn turistik salасыn damytudyn 2020 jylga deiingi tujyrymdamasyn bekitu turaly» Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti Jarlygynyn jobasy turaly, Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2013 jylgy 28 akpandagy № 192 kaulysy. [Access mode]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192>
- 2 Sugurova G. K. To a question of the importance of development of regional tourism in modern Kazakhstan, Kyzylordinsky state university of a name of Korkyatat. Electronic resource. [access mode]: http://www.rusnauka.com/12_KPSN_2012/Economics/13_109137.doc.htm
- 3 Kazakhstan Respublikasynyn turistik industriyasynynperspektivalybagyttaryndamytujonindegi2010 – 2014 jyldargaa rnalnabagdarlamanybekituturaly Kazakhstan RespublikasyUkimetinin2010 jylgy 11 kazandagy № 1048 kaulysy
- 4 World Tourism Organization (2013), UNWTO Annual Report 2012, UNWTO, Madrid.
- 5 Kazakhstan RespublikasyTurismzhane sport ministriginin2011 – 2015 zhyldargaarnalnanstrategiyalykzhospary/Almaty/ 15.11.12/ Electronic resource. [access mode]: <http://www.kit.gov.kz/index.php/kz/aza-standa-y-turizm>
- 6 Koishina G.K. Ekonomicheskayaeffektivnost` otturistskoideyatel`nosti, VKGU named by S.Amanzholova, Policy №2, 2010, Ust` -Kamenogorsk.